

"Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының және бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылауды, сондай-ақ бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айтуды жүзеге асыру кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында құжаттармен және (немесе) мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру қағидаларын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 11 қарашадағы № 190 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың 30-тармағына (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған "Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының және бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылауды, сондай-ақ бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айтуды жүзеге асыру кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында құжаттармен және (немесе) мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 11 қарашадағы
№ 190 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының және бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылауды, сондай-ақ бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айтуды жүзеге асыру кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия

мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында құжаттармен және (немесе) мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

"Нарықты трансшекаралық нарыққа жатқызу критерийлерін бекіту туралы" Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 29 шешімі;

"Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы өтініштерді (материалдарды) қарау тәртібі туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 97 шешімі;

"Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу тәртібі туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 98 шешімі;

"Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзу туралы істерді қарау тәртібі туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 99 шешімі;

"Мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде сервистерді және заң күші бар электрондық құжаттарды пайдалану тұжырымдамасы туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 73 шешімі;

"Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

"Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

"Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

"Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары арасында және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимыл кезіндегі электрондық құжаттармен алмасу ережесін бекіту туралы"

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

"Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпараты туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімі;

"Еуразиялық экономикалық комиссияға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу фактілері, оларды Еуразиялық экономикалық комиссияның қарауы және консультация өткізуі жөніндегі жолданымдарын қарау тәртібін бекіту туралы және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 221 шешімі.

2. Осы Қағидалар "Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының және бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылауды, сондай-ақ бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айтуды жүзеге асыру кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында құжаттармен және (немесе) мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесінің (бұдан әрі – жалпы процесс) іске асырылуын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды технологиялық жобалауды және жоспарлауды орындау үшін негіздеме болып табылады.

3. Жалпы процесті іске асыру Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесінің 62-тармағында көзделген.

4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта және Одақ органдарының Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі - интеграцияланған жүйе) құру және дамыту мәселелері жөніндегі актілерінде айқындалған мәндерде қолданылады.

II. Мақсаттары мен міндеттері

5. Жалпы процесті іске асырудың мақсаттары:

а) Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) мен Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті органдары арасында Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын және бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылау процесінде ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

б) Комиссия мен мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында, сондай-ақ мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу

және мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айту процесінде ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

в) Комиссия мен мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында бәсекелестік саясат саласында ортақ ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және пайдалану процесінде ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

6. Жалпы процесті іске асыру мақсаттарына қол жеткізу үшін осы Қағидаларға сәйкес мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Комиссия мен мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын және бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру кезінде құпия ақпарат қамтылмайтын құжаттармен және (немесе) мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету;

б) Комиссия мен мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу және оны енгізу туралы шешімге дау айту, бағаны мемлекеттік реттеуді қолдану мерзімін ұзарту кезінде құпия ақпарат қамтылмайтын құжаттармен және (немесе) мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету;

в) шаруашылық жүргізуші субъектілердің және мүдделі тұлғалардың Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы өтініштерін (материалдарын) Комиссияға жолдауы мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Комиссияның шаруашылық жүргізуші субъектілерге және мүдделі тұлғаларға көрсетілген өтініштердің (материалдардың) қаралуы, Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу, сондай-ақ Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы істердің қаралу нәтижелері туралы ақпарат беруі;

г) бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар тізілімінің (бұдан әрі – тізілім) автоматты түрде қалыптастырылуын қамтамасыз ету;

д) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының немесе Комиссияның шешімі қабылданған, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын және бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасын бұзушылықтар туралы қаралатын істердің тізбесін, сондай-ақ бәсекелестіктің жалпы қағидаларын және бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасын бұзушылықтар туралы істер жөніндегі мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталының сервистері арқылы жариялау жолымен шаруашылық жүргізуші субъектілерге және мүдделі тұлғаларға ақпарат беру мүмкіндігін қамтамасыз ету;

е) жалпы процесті іске асыру шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылардың Одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпаратын пайдалануын қамтамасыз ету.

III. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар

7. Мыналар жалпы процесті іске асыру шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар болып табылады:

а) бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға және (немесе) бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуге және мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айтуға уәкілетті мүше мемлекеттердің атқарушы билік органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар);

б) Комиссияға трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы өтініш беруді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілер немесе жеке тұлғалар (бұдан әрі – өтініш берушілер);

в) бәсекелестік саясат саласындағы өз өкілеттіктерін іске асыратын Комиссия;

д) өз қызметінде трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы мәліметтерді пайдаланатын заңды немесе жеке тұлғалар (бұдан әрі – мүдделі тұлғалар).

8. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде уәкілетті органдар мынадай функцияларды жүзеге асырады:

а) Комиссияға трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы материалдарды ұсыну;

б) Комиссиядан басқа мүше мемлекеттің аумағында бастамашылық жасалған, трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы өтінішті (материалдарды) алу;

в) Комиссиядан трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы өтініш бойынша қосымша мәліметтерді алу;

г) Комиссия трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізуі кезінде онымен өзара іс-қимыл жасауға жауапты лауазымды адамдар мен қызметкерлердің (олардың лауазымдарын көрсете отырып) кандидатураларын Комиссияға ұсыну;

д) Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың белгілерін жоюға бағытталған әрекеттерді жасау және осындай нарықтарда бәсекелестікті қамтамасыз ету туралы ұсыныстың жобасын (бұдан әрі – ұсыныс), сондай-ақ келісілген ұсынысты Комиссиядан алу;

е) ұсыныстың жобасы бойынша жауапты келісу және Комиссияға жолдау;

ж) трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы бұрын жолданған материалдарды кері қайтару туралы ақпаратты Комиссияға ұсыну;

з) трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы өтінішті (материалдарды) қарау нәтижелері бойынша ұйғарымды Комиссиядан алу;

и) трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу нәтижелері бойынша ұйғарымды Комиссиядан алу;

к) трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы іс бойынша Комиссия Алқасы қабылдаған шешімді Комиссиядан алу;

л) бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар мәселелері бойынша қосымша мәліметтерді қалыптастыру және Комиссияға ұсыну (сұрау салу бойынша);

м) Комиссиядан бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы жаңа жағдай немесе жағдайдың қаралу мәртебесінің өзгеруі туралы хабарлама алу (мәселен, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы істі қарау мерзімін ұзарту немесе қарау мерзімін ауыстыру, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы әртүрлі істерді біріктіру);

н) Комиссияға тізілімге мәліметтерді енгізу немесе оларды өзгерту туралы ұсыну;

о) тізілімнен мәліметтерге сұрау салу және алу;

п) Комиссияға бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу туралы хабарламаны жолдау;

р) бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу туралы хабарламаларды басқа мүше мемлекеттердің алуы;

с) Комиссияға бағаны мемлекеттік реттеуді ұзарту туралы жолданымды жіберу;

т) Комиссияға басқа мүше мемлекеттің бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуі туралы шешімімен келіспеу жөніндегі жолданымды жіберу;

у) Комиссиядан бағаны мемлекеттік реттеудің күшін жою қажеттігі туралы шешімді алу;

ф) Комиссиядан бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу туралы жолданымды қарауды тоқтату туралы шешімді алу;

х) Комиссиядан бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу туралы консультациялар нәтижелері бойынша хаттаманы алу;

ц) Комиссияға сұрау салу бойынша бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу туралы ақпаратты ұсыну;

ч) Комиссиядан бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу процесінің жаңа жағдайы немесе оның мәртебесінің өзгеруі туралы хабарламаны алу (мәселен, бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу мәселесі бойынша Комиссия отырысын өткізу, бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу мәселесі бойынша консультация өткізу және т.с.с.).

9. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде өтініш берушілер Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

а) Комиссияға трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы өтінішті ұсыну;

б) Комиссиядан ұсыныс жобасын алу;

в) ұсыныс жобасы бойынша жауапты келісу және Комиссияға жолдау;

г) Комиссиядан ұсыныс алу;

д) Комиссияға трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы бұрын жолданған өтінішті кері қайтару туралы хатты ұсыну;

е) Комиссиядан трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы өтінішті қарау нәтижелері бойынша ұйғарымды алу;

ж) Комиссиядан трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу нәтижелері бойынша ұйғарымды алу;

з) Комиссиядан трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы іс бойынша шешімді алу;

и) трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар саласындағы қосымша мәліметтерді қалыптастыру және Комиссияға ұсыну (сұрау салу бойынша);

к) Комиссиядан бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы жаңа жағдай немесе жағдайды қарау мәртебесінің өзгеруі туралы хабарламаны алу (мәселен, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы істі қарау мерзімін ұзарту немесе қарау мерзімін кейінге қалдыру, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы әртүрлі істерді біріктіру).

10. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

а) уәкілетті органдардан немесе өтініш берушілерден трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы өтінішті (материалдарды) алу және өңдеу;

б) уәкілетті органдарға трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы өтінішті (материалдарды) немесе қосымша мәліметтерді жолдау;

в) уәкілетті органдарға және өтініш берушілерге ұсыныс жобасын келісу үшін жолдау;

г) уәкілетті органдарға және өтініш берушілерге трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар белгілерін жоюға бағытталған әрекеттерді жасау туралы келісілген ұсынысты жолдау және осындай нарықтарда бәсекелестікті қамтамасыз ету;

д) уәкілетті органдардан немесе өтініш берушілерден трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы бұрын жолданған өтінішті (материалдарды) кері қайтару туралы хатты алу және өңдеу;

е) уәкілетті органдарға және өтініш берушілерге трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы ұйғарымды қарау нәтижелері бойынша өтінішті (материалдарды) жолдау;

ж) уәкілетті органдарға және өтініш берушілерге трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу нәтижелері бойынша ұйғарымды жолдау;

з) уәкілетті органдарға және өтініш берушілерге трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы іс бойынша Комиссия Алқасы қабылдаған шешімді жолдау;

и) уәкілетті органдарға және өтініш берушілерге трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру шеңберінде ақпаратты, құжаттарды және қосымша мәліметтерді ұсыну туралы сұрау салуды жолдау;

к) уәкілетті органдарға және өтініш берушілерге бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы жаңа жағдай немесе жағдайды қарау мәртебесінің өзгеруі туралы хабарламаны жолдау (мәселен, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы істі қарау мерзімін ұзарту немесе қарау мерзімін кейінге қалдыру, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы әртүрлі істерді біріктіру);

л) бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы тізілімге іс бойынша мәліметтер енгізу;

м) Одақтың ақпараттық порталында бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы іс бойынша мәліметтерді жариялау;

н) уәкілетті органдардан тізілімнің мәліметтерін алу және өңдеу;

о) уәкілетті органдардан алған тізілімнің мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялау;

п) тізілімнен алынған мәліметтерді уәкілетті органдарға және мүдделі тұлғаларға ұсыну;

р) уәкілетті органдардан бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу туралы хабарламаны алу және өңдеу;

с) уәкілетті органдардан бағаны мемлекеттік реттеуді ұзарту туралы жолданымды алу және өңдеу;

т) уәкілетті органдардан бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу туралы шешімімен келіспеу жөніндегі жолданымды алу және өңдеу;

у) уәкілетті органдарға бағаны мемлекеттік реттеудің күшін жою қажеттігі туралы шешімді жолдау;

ф) уәкілетті органдарға бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу туралы жолданымды қарауды тоқтату туралы шешімді жолдау;

х) уәкілетті органдарға бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу туралы консультациялар нәтижелері бойынша хаттаманы жолдау;

ц) уәкілетті органдарға бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу туралы ақпаратқа сұрау салу жолдау және сұратылған ақпаратты алу;

ч) уәкілетті органдарға бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу процесінің жаңа жағдайы немесе оның мәртебесінің өзгеруі туралы хабарламаны жолдау (мәселен,

бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу мәселесі бойынша Комиссия отырысын өткізу, бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу мәселесі бойынша консультация өткізу).

11. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде мүдделі тұлғаларға Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы тізілімнен мәліметтерді алу мүмкіндігі беріледі.

12. Мүше мемлекеттер өз заңнамасына сәйкес бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар тізілімінің ұлттық бөліктерін тізілімдегі мәліметтерді "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде орналастыру, оның ішінде орыс тілінде орналастыру үшін ұлттық ақпараттық желілерді пайдаланады, өздері жүргізетін бәсекелестік (монополияға қарсы) саясаттың ақпараттық ашықтығын қамтамасыз етеді.

IV. Ақпараттық ресурстар мен сервистер

13. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде ашық ақпараттық ресурс ретінде тізілім қалыптастырылады.

14. Жалпы процесті іске асыру шеңберінен тыс жалпы процесс шеңберіндегі өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру үшін Комиссияның ішкі ресурстары ретінде мыналар құрылады:

бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы дерекқор, ол өтініштерді (материалдарды) қарау, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы істерді тергеп-тексеру және қарау кезеңдерінде бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар жағдайлары туралы мәліметтерді сақтауға арналады;

бағаны мемлекеттік реттеу туралы дерекқор, ол мүше мемлекеттердің бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуі жағдайлары туралы мәліметтерді сақтауға арналады.

15. Бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы дерекқорды және бағаны мемлекеттік реттеу туралы дерекқорды енгізуді Комиссия жүзеге асырады. Осы дерекқорлардан алынатын мәліметтер Комиссияның бәсекелестік саясат саласындағы өкілеттіктерін іске асыруға жауапты Комиссияның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері мен лауазымды адамдарының пайдалануына арналған.

16. Тізілім Комиссия мен мүше мемлекеттер ұсынатын, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы қаралып жатқан және қаралатын істерден алынатын мәліметтер негізінде қалыптастырылады және Одақтың ақпараттық порталында жарияланады. Тізілімде қамтылған мәліметтер мүдделі тұлғалардың пайдалануына арналған.

17. Жалпы процесті іске асыру мақсаттары үшін Комиссияның интеграцияланған жүйесінің интеграцияланған сегменті шеңберінде мыналар қамтамасыз етіледі:

а) бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы дерекқорды оған Комиссияның бәсекелестік саясат саласындағы өкілеттіктерін іске асыруға жауапты Комиссияның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері мен лауазымды адамдарының қолжетімділігін ұйымдастыра отырып, қалыптастыру және сақтау мүмкіндігі;

б) Одақтың ақпараттық порталында мынадай электрондық сервистерді іске асыру, пысықтау, баптау және (немесе) қолдану:

өтініш берушінің трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы өтінішті толтыруы және Комиссияға жіберуіне, өтініштің қаралуы, бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы істерге тергеп-тексерудің жүргізілуі және олардың қаралу барысы туралы хабар және хабарлама алуына арналған жеке кабинет;

пайдаланушы енгізген параметрлер бойынша тізілімнен мәліметтерді іздеу (фильтрден өткізу);

енгізген форматтары бойынша тізілімнен мәліметтерді шығарып алу және сақтау;

халықаралық шарттардың және Одақтың, бәсекелестік және монополияға қарсы реттеу саласындағы құқығын құрайтын актілерінің құрамы мен мазмұны туралы сұрау салуларды орналастыру.

18. Одақтың ақпараттық порталының сервистері мүдделі тұлғалардың ақпараттық жүйелерінің тізілімдегі мәліметтерге ашық интерфейстерді (хаттамаларды) пайдалану арқылы автоматты түрде қол жеткізуін қамтамасыз етуге тиіс.

V. Ақпараттық өзара іс-қимыл ерешеліктері

19. Мүше мемлекеттердің билік органдары, уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл, құпия ақпаратты және қызметтік пайдалануға арналған ақпаратты қоспағанда, интеграцияланған жүйе пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

20. Бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы дерекқордан алынатын мәліметтермен жұмыс істеу Комиссияның интеграцияланған сегменті құрамындағы технологиялық жобалау кезеңінде айқындалатын бағдарламалық құралдар пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

21. Тізілімдегі мәліметтерді ұсыну Одақтың ақпараттық порталы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

22. Уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы, сондай-ақ уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде, электрондық хабарлардың форматы мен құрылымы жалпы процесті интеграцияланған жүйе құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттардың (бұдан әрі – технологиялық құжаттар) талаптарына сәйкес айқындалады.

23. Жалпы процесті іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл № 1 қосымшаға сәйкес функционалдық схемалар бойынша жүзеге асырылады. Ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде берілетін мәліметтер құрамы № 2 қосымшада келтірілген.

24. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл орыс тілінде жүзеге асырылады.

VI. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету принциптері

25. Жалпы процесс шеңберінде берілетін мәліметтер құпия ақпаратқа жатқызылуы мүмкін. Құпия ақпаратты интеграцияланған жүйе арқылы беру қажет болған кезде, құжатта қамтылған ақпарат құпия ақпаратқа жатқызылғаны туралы ақпарат көрсетіле отырып, құпия ақпарат қамтылған құжаттардың деректемесі туралы мәліметтер ғана беріледі. Құпия ақпарат қамтылған құжаттар Комиссия айқындайтын талаптарға сәйкес беріледі. Құпия ақпаратқа жатқызылған мәліметтердің құпиялылығы 2014 жылғы 12 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссияның бәсекелестіктің бірыңғай қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде құпия ақпаратты қорғау тәртібі және оны жария еткені үшін жауаптылық туралы келісімге сәйкес айқындалады.

26. Мүше мемлекеттің ақпараттық кеңістігінің ішінде ақпаратты беру қауіпсіздігі мүше мемлекеттің заңнамасына және осы мемлекеттің аумағында қолданыста болатын, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын техникалық талаптарға сәйкес қамтамасыз етілуге тиіс.

27. Интеграцияланған жүйенің интеграцияланған платформасы шеңберінде ақпаратты беру қауіпсіздігі интеграцияланған жүйенің ақпараттық қауіпсіздігінің кіші жүйелерінің құралдарымен қамтамасыз етілуге тиіс.

28. Жалпы процесті іске асыру және ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде электрондық қолтаңбаны (электрондық-цифрлық қолтаңбаны) қолдану көзделмейді.

VII. Жалпы процесті іске асыруға бағытталған іс-шаралар

29. Жалпы процесті іске асыру мақсатында Комиссия осы Қағидаларға сәйкес технологиялық құжаттарды әзірледі, сондай-ақ технологиялық құжаттардың талаптарына сәйкес интеграцияланған жүйенің интеграцияланған сегментіндегі кіші жүйелер мен сервистерді пысықтауды және (немесе) баптауды жүзеге асырады.


30. Тізілімді жасау мен жүргізуді, сондай-ақ уәкілетті органдар мен мүдделі тұлғаларға одан мәліметтер беруді Комиссия жүзеге асырады.

31. Мүше мемлекеттер Комиссияның үйлестіруімен жалпы процеске қосылу рәсімін орындауды және технологиялық құжаттардың ережелерін ескере отырып, оны қолданысқа енгізуді қамтамасыз етеді.


32. Уәкілетті органдар технологиялық құжаттардың талаптарын орындауды қамтамасыз ету үшін тиісті ақпараттық жүйелердің әзірленуін (пысықталуын) және осындай жүйелердің интеграцияланған жүйесінің ұлттық сегменттеріне қосылуын қамтамасыз етеді.

бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылауды, сондай-ақ бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айтуды жүзеге асыру кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында құжаттармен және (немесе) мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру қағидаларына
№ 1 ҚОСЫМША


"Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының және бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылауды, сондай-ақ бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айтуды жүзеге асыру кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында құжаттармен және (немесе) мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылдың ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СХЕМАЛАРЫ



1-сурет. Траншекаралық нарықтарда бәсәкәлестіктің жалпы қағидаларын және бәсәкәлестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылдың функционалдық схемасы



2-сурет. Бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылдың функционалдықы схемасы



3-сурет. Бағаны мемлекеттік реттеуді енгізу және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айту кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылдың функционалдық схемасы

"Траншекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының және бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылауды, сондай-ақ бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айтуды жүзеге асыру кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында құжаттармен және (немесе) мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы

"Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының және бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылауды, сондай-ақ бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айтуды жүзеге асыру кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында құжаттармен және (немесе) мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процеске қатысушылар арасында берілетін мәліметтердің құрылымы мен форматына қойылатын ТАЛАПТАР

1. Осы құжат Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекеттер, уәкілетті органдар), мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) арасында "Трансшекаралық нарықтарда бәсекелестіктің жалпы қағидаларының және бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнамасының сақталуын бақылауды, сондай-ақ бағаны мемлекеттік реттеуді енгізуді және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айтуды жүзеге асыру кезінде Еуразиялық экономикалық комиссия мен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында құжаттармен және (немесе) мәліметтермен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін (бұдан әрі – жалпы процесс) іске асыру кезінде электрондық түрде берілетін мәліметтердің құрылымы мен форматын айқындайды.

2. Мәліметтердің құрылымына қойылатын талаптар жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарды әзірлеу кезеңінде нақтыланады.

3. Берілетін мәліметтер XML-форматында мына стандарттарға сәйкес қалыптастырылады:

а) "Extensible Markup Language (XML) 1.0 (Fourth Edition)" ("Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде (бұдан әрі - Интернет желісі) жарияланды, мекенжайы: <http://www.w3.org/TR/REC-xml>);

б) "Namespaces in XML" (Интернет желісінде жарияланды, мекенжайы: <http://www.w3.org/TR/REC-xml-names>);

в) "XML Schema Part 1: Structures" және "XML Schema Part 2: Datatypes" (Интернет желісінде жарияланды, мекенжайы: <http://www.w3.org/TR/xmlschema-1/> және <http://www.w3.org/TR/xmlschema-2/>).

4. Берілетін мәліметтердің құрылымы 1 – 5-кестелерде келтірілген.

5. Кестелерде мынадай жолдар (бағандар) қалыптастырылады:

"деректеменің аты" – деректеменің реттік нөмірі және деректеменің қалыптасқан немесе ресми сөздік белгісі;

"деректеменің сипаттамасы" – деректеменің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"ескертпе" - деректеменің мақсатын нақтылайтын, оны қалыптастыру (толтыру) қағидаларын немесе деректеменің ықтимал мәндерінің сөзбен сипатталуын айқындайтын мәтін;

"көпт." – деректемелердің көптігі: деректеменің ықтимал қайталану мүмкіндігінің міндеттілігі (опциондығы) мен саны.

6. Берілетін деректер деректемелерінің көптігін көрсету үшін мынадай белгілемелер пайдаланылады:

- 1 - деректеме міндетті, қайталауға жол берілмейді;
 - n - деректеме міндетті, кемінде n рет қайталануға тиіс ($n > 1$);
 - 1..* - деректеме міндетті, шектеусіз қайталануы мүмкін;
 - n..* - деректеме міндетті, кемінде n рет қайталануға тиіс ($n > 1$);
 - n..m - деректеме міндетті, кемінде n рет және m реттен асырмай қайталануға тиіс ($n > 1, m > n$);
 - 0..1 - деректеме опционды, қайталауға жол берілмейді;
 - 0..* – деректеме опционды, шектеусіз қайталануы мүмкін;
 - 0..m – деректеме опционды, m реттен артық қайталанбауға тиіс ($m > 1$).
- 1-кесте

"Бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар жағдайлары туралы мәліметтер" мәліметтерінің құрылымы

| Деректеменің аты | Деректеменің сипаттамасы | Көпт. |
|--|---|-------|
| 1. Бәсекелестік қағидаларын бұзушылықтар туралы өтініш (материалдар) | бәсекелестік қағидаларын бұзушылықтар туралы өтініш (материалдар) туралы мәліметтер, оларды қарау Комиссияның құзыретіне кіреді | 0..* |
| 1.1. Құжаттың нөмірі | өтініштің (материалдардың) нөмірі | 1 |
| 1.2. Құжаттың күні | құжаттың берілген, қол қойылған, бекітілген немесе тіркелген күні | 1 |
| 1.3. Өтініш беруші | өтініш беруші туралы мәліметтер 4-кестеге сәйкес көрсетіледі | 0..1 |
| 1.4. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы | мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органы не ол уәкілеттік берген ұйым туралы мәліметтердің жиынтығы. Мәліметтер 5-кестеге сәйкес көрсетіледі | 0..* |
| | | |

| | | |
|---|--|------|
| 1.5. Комиссияның құрылымдық бөлімшесі | Комиссияның өтінішті (материалдарды) карау үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі | 0..1 |
| 1.6. Лауазымды адам | лауазымды адам туралы мәліметтер | 0..* |
| 1.6.1. ТАӨ | тегі, аты, әкесінің аты | 1 |
| 1.6.2. Лауазымының атауы | қызметкердің лауазымының атауы | 0..1 |
| 1.6.3. Байланыс деректемесі | лауазымды адамның байланыс деректемесі | 0..* |
| 1.6.4. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының аумақтық құрылымдық бөлімшесі | мүше мемлекеттің уәкілетті органының аумақтық құрылымдық бөлімшесі мәліметтер | 0..1 |
| 1.6.5. Қатысушының рөлі | лауазымды адамның рөлі туралы мәліметтер: 1) Комиссияның бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы жағдайды карауға қатысатын өкілі 2) мүше мемлекеттің бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы жағдайды карауға қатысатын өкілі | 1 |
| 1.7. Бәсекелестік қағидаларын бұзу субъектісі | әрекеттерінде бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар белгілері бар шаруашылық жүргізуші субъект туралы мәліметтер. Мәліметтер 4-кестеге сәйкес көрсетіледі | 1..* |
| 1.8. Сипаттамасы | адамдардың өтініш берушінің (уәкілетті органның) пікірі бойынша бәсекелестік қағидаларына қайшы келетін әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) сипаттамасы | 1 |
| 1.9. Талап | өтініш беруші (уәкілетті орган) өтініш жасайтын талаптың мәні | 1 |
| 1.10. Өтініш бойынша қорытынды | Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта көзделген ерекшеліктерді есепке алудың қажеттігі туралы қорытынды | 0..1 |
| | қоса берілетін құжат немесе құжат туралы мәліметтер 1) жеке тұлға үшін - төлқұжатының немесе жеке басты куәландыратын өзге құжаттың көшірмесі; 2) заңды тұлға үшін – тіркеу туралы куәліктің көшірмесі және | |

| | | |
|--|--|------|
| 2. Құжат | өтінішке қол қоятын тұлғаның өкілеттіктерін растайтын құжаттар ; 3) бәсекелестік қағидаларын бұзушылықтардың белгілері туралы куәландыратын құжаттар немесе өтініш берушінің пікірі бойынша өтінішті қарауға қатысы болатын өзге де құжаттар; 4) өтінішті (материалдарды) толық және жан-жақты қарау үшін қажетті құжаттар мен материалдар | 0..* |
| 2.1. Елдің коды | елдің кодпен белгіленуі | 0..1 |
| 2.2. Тілдің коды | тілдің кодпен белгіленуі | 0..1 |
| 2.3. Құжат түрінің коды | құжат түрінің кодпен белгіленуі | 0..1 |
| 2.4. Құжат түрінің атауы | құжат түрінің атауы | 0..1 |
| 2.5. Құжаттың атауы | құжаттың атауы | 0..1 |
| 2.6. Құжаттың сериясы | құжаттың цифрлық немесе әріптік-цифрлық белгіленімінің сериясы | 0..1 |
| 2.7. Құжаттың нөмірі | құжатты тіркеу кезінде оған берілген цифрлық немесе әріптік-цифрлық белгіленім | 0..1 |
| 2.8. Құжаттың күні | құжаттың берілген, қол қойылған, бекітілген немесе тіркелген күні | 0..1 |
| 2.9. Құжаттың қолданылу мерзімінің басталу күні | құжат күшінде болатын мерзімнің басталу күні | 0..1 |
| 2.10. Құжаттың қолданылу мерзімінің өту күні | Құжат күшінде болатын мерзімнің өту күні | 0..1 |
| 2.11. Құжаттың қолданылу мерзімі | құжат күшінде болатын мерзімнің ұзақтығы | 0..1 |
| 2.12. Мүше мемлекеттің уәкілетті органын сәйкестендіргіш | құжатты берген немесе бекіткен мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органын не ол уәкілеттік берген ұйымды сәйкестендіретін жол | 0..1 |
| 2.13. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының атауы | құжатты берген мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органының не ол уәкілеттік берген ұйымның толық атауы | 0..1 |
| 2.14. Сипаттамасы | құжаттың сипаттамасы | 0..1 |
| 2.15. Парақтар саны | құжаттағы парақтардың жалпы саны | 0..1 |
| 2.16. XML-құжат | XML форматындағы құжат | 0..1 |
| 2.17. Бинарлық форматтағы құжат | бинарлық мәтін форматындағы құжат | 0..1 |
| | мәліметтердің құпиялылығын айқындайтын белгі: | |

| | | |
|--|---|------|
| 2.18. Құпиялылық белгісі | 1 - құпия мәліметтер; 0 - құпия емес мәліметтер | 0..1 |
| 2.19. Себеп | мәліметтерді ұсынудың мүмкін болмауының себебі | 0..1 |
| 2.20. Ескертпе | құжаттарды беруі ықтимал болжамды адамдар және (немесе) мемлекеттік билік органдары | 0..1 |
| 3. Ұйғарым | ұйғарым туралы мәліметтер (өтінішті қарау нәтижесі бойынша ұйғарым, тергеп-тексеруді жүргізу нәтижесі бойынша ұйғарым) | 0..* |
| 3.1. Құжат түрінің коды | құжат түрінің (ұйғарымның) кодпен белгіленуі | 0..1 |
| 3.2. Құжат түрінің атауы | құжат түрінің (ұйғарымның) атауы | 0..1 |
| 3.3. Құжаттың күні | ұйғарымды шығару күні | 1 |
| 3.4. Күні | ұйғарымда көрсетілген әрекеттердің басталу күні (істі тергеп-тексеру, қарау және т.б.) | 0..1 |
| 3.5. Сипаттама | ұйғарымды шығару негіздері | 0..1 |
| 3.6. Лауазымды адам | ұйғарымды дайындаған (оған қол қойған) лауазымды адам туралы мәліметтер | 0..* |
| 4. Бәсекелестік қағидаларын бұзушылықтар туралы іс бойынша шешім | бәсекелестік қағидаларын бұзушылықтар туралы іс бойынша шешім туралы мәліметтер | 0..1 |
| 4.1. Құжаттың нөмірі | бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы істің нөмірі | 1 |
| 4.2. Құжаттың күні | құжаттың берілген, қол қойылған, бекітілген немесе тіркелген күні | 1 |
| 4.3. Мәтін нысанындағы мекенжайы | мәтін түрінде еркін нысанда ұсынылған мекенжай элементтерінің жиынтығы | 1 |
| 4.4. Лауазымды адам | шешімді дайындаған (қол қойған) лауазымды адам туралы мәліметтер | 0..* |
| 4.5. Жауап берушінің дәлелдері | жауап беруші дәлелдерінің сипаттамасы | 0..1 |
| 4.6. Түсіндірме | істі қарауға қатысқан басқа адамдардың түсіндірмесі | 0..1 |
| 4.7. Істің мән-жайы | тергеп-тексеруді жүргізу кезінде анықталған істің мән-жайлары | 0..1 |
| 4.8. Дәлелдемелер | істі қарау бойынша қорытынды жасалған дәлелдемелер | 0..1 |
| 4.9. Құжатқа сілтеме | комиссия істі қарау бойынша басшылыққа алған нормативтік құқықтық актілер | 0..* |

| | | |
|------------------------------------|---|------|
| 4.10. Бұзушылықты мойындау фактісі | жауап берушінің бәсекелестік қағидаларын бұзушылықтарды жасағанын мойындау фактісі | 0..1 |
| 4.11. Істі қарауды тоқтату | істі қарауды тоқтату үшін негіздердің болуы немесе болмауы туралы қорытындылар | 0..1 |
| 4.12. Қорытынды | іс бойынша жауап берушінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бәсекелестік қағидаларын бұзушылықтардың болуы немесе болмауы туралы қорытындылар | 0..1 |
| 4.13. Айыппұл сипаттамасы | бәсекелестік қағидаларын бұзушылықтар үшін көзделген айыппұл мөлшері | 0..1 |
| 4.14. Шаралар сипаттамасы | бәсекелестік қағидаларын бұзушылықтардың жолын кесу және (немесе) оның салдарларын жою, бәсекелестікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар сипаттамасы | 0..1 |
| 4.15. Жауаптылықтан босату | адамды жауаптылықтан босату туралы мәліметтер | 0..1 |

2-кесте

"Бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың тізіліміндегі мәліметтер" мәліметтерінің құрылымы

| Деректеменің аты | Деректеменің сипаттамасы | Көпт. |
|---|--|-------|
| 1. Бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың тізіліміндегі мәліметтер | бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың тізіліміндегі объект туралы мәліметтер | 1..* |
| Елдің коды | ақпаратты ұсынған мүше мемлекеттің кодпен белгіленуі | 1 |
| 1.2. Өтініштің (материалдардың, жолданымның) тіркеу нөмірі | оған қатысты шешім қабылданған өтініштің (материалдардың, жолданымның) тіркеу нөмірі | 0..1 |
| 1.3. Бәсекелестікті бұзушылық туралы істің тіркеу нөмірі | бәсекелестікті бұзушылық туралы істің тіркеу нөмірі | 0..1 |
| 1.4. Күні | бәсекелестікті бұзушылық туралы істі қарау күні | 1 |
| 1.5. Өтініш беруші | жолданымды (өтінішті) берген өтініш беруші немесе уәкілетті орган туралы мәліметтер. Мәліметтер тиісінше 4 немесе 5-кестеге сәйкес көрсетіледі | 1 |
| | әрекеттерінде бәсекелестіктің жалпы қағидаларын | 0..* |

| | | |
|--|--|------|
| 1.6. Бәсекелестік қағидаларын бұзу субъектісі | бұзушылықтар белгілері бар субъект туралы мәліметтер | |
| 1.7. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы | іс бойынша шешім шығарған уәкілетті орган туралы мәліметтер . Мәліметтер 5-кестеге сәйкес көрсетіледі | 0..1 |
| 1.8. Істі қарау барысында қабылданған ұйғарым | бәсекелестік қағидаларын сақтау саласындағы істі қарау барысында қабылданған ұйғарым туралы мәліметтер | 0..* |
| 1.8.1. Күні | ұйғарымды шығару күні | 1 |
| 1.8.2. Сипаттамасы | ұйғарым шығарылған мәселенің сипаттамасы | 1..* |
| 1.8.3. Шешімнің сипаттамасы | шығарылған ұйғарымның сипаттамасы | 1..* |
| 1.9. Комиссия Алқасының бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтар туралы іс бойынша шешімінің сипаттамасы | қабылданған шешімнің сипаттамасы | 0..1 |
| 1.9.1. Шешімнің сипаттамасы | шешімнің нәтижелік бөлімі | 1..* |
| 1.9.2. Шешімнің негіздемесі | қабылданған шешімнің негіздемесі | 1..* |
| 1.9.3. Ескерту | қосымша мәліметтер | 0..* |
| 2. Жалпы ресурс жазбасының технологиялық сипаттамалары | жалпы ресурс жазбасы туралы технологиялық мәліметтердің жиынтығы | 1 |

3-кесте

"Бағаны мемлекеттік реттеу туралы мәліметтер" мәліметтерінің құрылымы

| Деректеменің аты | Деректеменің сипаттамасы | Көпт. |
|--|---|-------|
| 1. Өтініш (жолданым) түрі | өтініш (жолданым) түрінің кодпен белгіленуі | 1 |
| 2. Бағаны реттеуге қатысты жолданымның тіркеу нөмірі | бағаны реттеуге қатысты жолданымның Комиссия берген тіркеу нөмірі | 0..1 |
| 3. Құжаттың күні | Комиссияда жолданымның тіркелген күні | 0..1 |
| 4. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы | мәліметтерді ұсынған уәкілетті орган. Мәліметтер 5-кестеге сәйкес көрсетіледі | 1 |
| 5. Бағаны реттеу туралы мәліметтер | бағаны реттеуді енгізу туралы мәліметтер | 1 |
| 5.1. Елдің коды | бағаны реттеуді енгізген мүше мемлекеттің кодпен белгіленуі | 1 |
| 5.2. Құжат | бағаны реттеу енгізілетін құжат | 1..* |
| | | |

| | | |
|---|---|------|
| 5.3. Тауар сыныбының атауы | оларға қатысты бағаны реттеу енгізілген тауарлар сипаттамасы | 1..* |
| 5.4. Күні | бағаны реттеуді енгізу күні | 0..1 |
| 5.5. Бағаны реттеу қолданылатын кезең | бағаны реттеу қолданылатын кезең | 1 |
| 5.6. Кезең | бағаны реттеу ұзартылатын кезең | 0..1 |
| 5.7. Сипаттама | енгізілген бағаны реттеудің сипаттамасы | 0..* |
| 5.8. Бәсекелестікті шектеу туралы мәліметтер | бәсекелестікті шектеуге алып келетін мән-жайларды көрсететін мәліметтердің сипаттамасы | 0..* |
| 5.9. Талаптың сипаттамасы | талаптың сипаттамасы | 0..* |
| 6. Уәкілетті адам | өтініш (жолданым) жасаған лауазымды адам | 1 |
| 6.1. ТАӘ | жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты | 1 |
| 6.2. Лауазымының атауы | жауапты адам лауазымының атауы | 1 |
| 6.3. Салық төлеушіні сәйкестендіргіш | заңды немесе жеке тұлғаны салық төлеуші тіркелген елдегі салық төлеушілер тізіліміндегі сәйкестендіргіш | 0..1 |
| 6.4. Байланыс деректемесі | байланыс құралының (арнасының) тәсілі мен сәйкестендіргіші көрсетілген байланыс деректемесі | 0..* |
| 7. Қоса берілген құжат | қоса берілген құжат туралы мәліметтер | 0..* |
| 7.1. Құжат түрінің коды | құжат түрінің кодпен белгіленуі | 0..1 |
| 7.2. Құжаттың атауы | құжаттың атауы | 0..1 |
| 7.3. Құжаттың нөмірі | құжатқа оны тіркеу кезінде берілген цифрлық немесе әріптік-цифрлық белгіленім | 0..1 |
| 7.4. Құжаттың күні | құжаттың берілген, қол қойылған, бекітілген немесе тіркелген күні | 0..1 |
| 7.5. Мүше мемлекеттің уәкілетті органын сәйкестендіргіш | мүше мемлекеттің құжатты берген немесе бекіткен мемлекеттік билік органы не ол уәкілеттік берген ұйымды сәйкестендіргіш | 0..1 |
| 7.6. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының атауы | мүше мемлекеттің құжатты берген мемлекеттік билік органының не ол уәкілеттік берген ұйымның толық атауы | 0..1 |
| 7.7. Құпиялылық белгісі | мәліметтердің құпиялылығын айқындайтын белгі : 1 - құпия мәліметтер, 0 - құпия емес мәліметтер | 0..1 |
| | | |

| | | |
|--|--|------|
| 7.8. Ұсынылу белгісі | кейбір объектінің немесе ақпараттың (мәліметтердің) субъектісі болып табылатын белгі | 1 |
| 7.9. Сипаттамасы | құжат алынуы мүмкін тұлғалар немесе мемлекеттік билік органы туралы мәліметтер | 0..1 |
| 7.10. Ескерту | құжатты ұсыну мүмкін болмайтын себептердің сипаттамасы | 0..1 |
| 7.11. Бинарлық форматтағы құжат | қоса берілетін бинарлық форматтағы құжат | 0..1 |
| 8. Консультациялар хаттамасы | Комиссияның бағаны мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өткізетін консультациялар хаттамасы | 0..* |
| 8.1. Хаттаманың атауы | хаттаманың атауы | 0..1 |
| 8.2. Хаттаманың нөмірі | құжатқа оны тіркеу кезінде берілген цифрлық немесе әріптік-цифрлық белгіленім | 0..1 |
| 8.3. Хаттаманың күні | құжаттың берілген, қол қойылған, бекітілген немесе тіркелген күні | 1 |
| 8.4. Хаттаманың мазмұны | консультациялар хаттамасының мазмұны | 0..1 |
| 9. Жолданымды қарау нәтижелері бойынша шешім | Комиссияның бағаны мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өткізетін консультациялар хаттамасы | 0..* |
| 9.1. Құжаттың атауы | құжаттың атауы | 0..1 |
| 9.2. Құжаттың нөмірі | құжатқа оны тіркеу кезінде берілген цифрлық немесе әріптік-цифрлық белгіленім | 0..1 |
| 9.3. Құжаттың күні | құжаттың берілген, қол қойылған, бекітілген немесе тіркелген күні | 1 |
| 9.4. Жолданымның тіркеу нөмірі | бағаны реттеуге қатысты жолданымның Комиссия берген тіркеу нөмірі | 1 |
| 9.5. Құжаттың мазмұны | жолданымды қарау нәтижелері бойынша шешім мәтіні | 0..1 |

4-кесте

Шаруашылық жүргізуші субъект туралы мәліметтердің деректемелік құрамы

| Деректеменің аты | Деректеменің сипаттамасы | Көпт. |
|------------------|--|-------|
| 1. Елдің коды | шаруашылық жүргізуші субъект тіркелген елдің кодпен белгіленуі | 0..1 |
| | шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы немесе жеке тұлғаның немесе | 0..1 |

| | | |
|--|--|------|
| 2. Шаруашылық жүргізуші субъектінің атауы | шаруашылық қызметті жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты | |
| 3. Шаруашылық жүргізуші субъектінің қысқаша атауы | шаруашылық жүргізуші субъектінің қысқаша атауы немесе жеке тұлғаның немесе шаруашылық қызметті жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты | 0..1 |
| 4. Ұйымдық-құқықтық нысанның коды | шаруашылық жүргізуші субъект тіркелген ұйымдық-құқықтық нысанның кодпен белгіленуі | 0..1 |
| 5. Ұйымдық-құқықтық нысанның атауы | шаруашылық жүргізуші субъект тіркелген ұйымдық-құқықтық нысанның атауы | 0..1 |
| 6. Шаруашылық жүргізуші субъектіні сәйкестендіргіш | мемлекеттік тіркеу кезінде берілген, тізілім (тіркелім) бойынша жазбаның нөмірі (коды) | 0..1 |
| 7. Бірегей сәйкестендіргіш кеден нөмірі | шаруашылық жүргізуші субъектінің кедендік бақылау мақсаттарына арналған бірегей сәйкестендіргіш нөмірі | 0..1 |
| 8. Салық төлеушіні сәйкестендіргіш | шаруашылық жүргізуші субъектіні, жеке тұлғаны немесе шаруашылық қызметті жүргізушіні салық төлеуші тіркелген елдің салық төлеушілері тізіліміндегі сәйкестендіргіш | 0..1 |
| 9. Есепке қою себебінің коды | шаруашылық жүргізуші субъектіні Ресей Федерациясындағы салық есебіне қоюдың себептерін сәйкестендіретін код | 0..1 |
| 10. Мекенжайы | өтініш беруші болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектінің, жеке тұлғаның немесе шаруашылық қызметті жүргізушінің мекенжайы | 0..* |
| 11. Байланыс деректемесі | өтініш беруші болып табылатын шаруашылық жүргізуші субъектінің, жеке тұлғаның немесе шаруашылық қызметті жүргізушінің байланыс деректемесі | 1..* |
| 12. Жеке куәлігі | өтініш беруші болып табылатын жеке тұлғаның немесе шаруашылық қызметті жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжаты | 0..1 |

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы туралы мәліметтердің деректемелік құрамы

| Деректеменің аты | Деректеменің сипаттамасы | Көпт. |
|---|---|-------|
| 1. Елдің коды | елдің кодпен белгіленуі | 0..1 |
| 2. Мүше мемлекеттің уәкілетті органын сәйкестендіргіш | мүше мемлекеттің уәкілетті органын бірегей сәйкестендіргіш | 0..1 |
| 3. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының атауы | мүше мемлекеттің уәкілетті органының немесе ол уәкілеттік берген ұйымның толық атауы | 0..1 |
| 4. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының қысқаша атауы | мүше мемлекеттің уәкілетті органының қысқаша атауы | 0..1 |
| 5. Қатысушының рөлі | уәкілетті органның рөлі туралы мәліметтер: 1) уәкілетті орган ұсынған материалдар; 2) өтініштің (материалдардың) көшірмесі жолданатын уәкілетті орган; 3) ведомстволық бағынысты уәкілетті орган | 0..* |